

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Литва Республикасы Үкіметінің арасындағы "Жолаушылар мен жүктердің автомобиль көлігімен халықаралық тасымалдары туралы", "Темір жол қатынасы және темір жол көлігі саласындағы ынтымақтастық туралы", "Әуе қатынасы туралы" келісімдерді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 20 қазандағы N 1038 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Вильнюс қаласында 1993 жылғы 21 шілдеде қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Литва Республикасы Үкіметінің арасындағы "Жолаушылар мен жүктердің автомобиль көлігімен халықаралық тасымалдары туралы", "Темір жол қатынасы және темір жол көлігі саласындағы ынтымақтастық туралы", "Әуе қатынасы туралы" келісімдер бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі осы Келісімдердің бекітілгені туралы Литва Республикасының Үкіметін хабардар етсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Литва Республикасы
Үкіметі арасындағы жолаушылар мен жүктердің автомобиль
көлігімен халықаралық тасымалдары туралы
КЕЛІСІМ

*(Келісім 1993 жылғы 3 желтоқсаннан бастап күшіне енді -
Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары
бюллетені, 2004 ж., N 2, 5-құжат)*

Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Литва Республикасы, бұдан былай "Келісуші
Ж а қ т а р " д е п а т а л а т ы н б о л а д ы ,

екіжақтық сауда-экономикалық қатынастардың қолайлы дамуын еске ала отырып,
екі ел арасындағы автомобиль қатынасын одан әрі дамытуға, сондай-ақ өз
территориялары бойынша транзитпен өткізуге деген ынталықты басшылыққа ала
о т ы р ы п ,

осы Келісімді жасауға шешім қабылдады:

1-бап

Осы Келісімге сәйкес екі елдің арасында және олардың территориялары бойынша үшінші елдерге транзитпен өтетін автокөлік құралдарымен жолаушылар мен жүктердің жүйеленген және жүйеленбеген тасымалдары жасалатын болды.

I. Жолаушыларды тасымалдау

2-бап

1. Жолаушылар тасымалдайтын көлік құралы деп, жүргізушіні қосып есептегенде, 9 адамнан артық жолаушыларды тасу үшін жасалып, жабдықталған игерімді көлік құралын түсіну қажет.

2. Жолаушылардың жүйеленген тасымалдары деп осы Келісімге сәйкес алдын-ала келісілген және жарияланған қозғалыс кестесі мен тарифтер бойынша жолаушыларды мінгізіп-түсіріп отыратын пункттері бар белгілі маршрут бойынша нақтылы жиілікпен жасалатын тасымалдарды түсіну қажет.

3. Келісуші Жақтар арасында немесе олардың территориясы бойынша транзитпен өтетін жүйеленген жолаушылар тасымалдарын жасау үшін Келісуші Жақтардың құзырлы органдары тарапынан берілетін рұқсат қағаздар талап етіледі. Рұқсат қағаздар өзара келісім бойынша әрбір Келісуші Жақтың өзінде қалыптасқан тәртіппен беріледі. Рұқсаттардың 3 жылдық мерзімге берілуі ықтимал Келісуші Жақтардың әрқайсысының құзырлы органдары рұқсатты маршруттың өз территориясындағы бөлігіне ғана бере алады.

4. Жүйеленген тасымалдарды ұйымдастыру туралы ұсыныстарды Келісуші Жақтардың құзырлы органдары бір-біріне күнібұрын беріп отырады. Бұл ұсыныстарда тасымалдаушының (фирманың) қалай аталуы мен мекен-жайына, жол жүру маршрутына, қозғалыс кестесіне, шекарадан болжамды өту мерзіміне, тарифке, тасымалдаушының жолаушыларды мінгізіп-түсіріп отыратын аялдама пункттеріне, сондай-ақ тасымалдардың белгіленген орындалу кезеңі мен жиілігіне қатысты деректер болуы қажет.

3-бап

1. Осы Келісімнің 4-бабында ескертілген тасымалдарды қоспағанда, екі елдің арасында немесе солардың территориялары арқылы транзитпен жолаушылардың жүйеленбеген тасымалдарын жасау үшін Келісуші Жақтардың құзырлы органдары тарапынан берілетін рұқсаттар талап етіледі.

2. Тасымалдаушы осы баптың 1-тармағында ескертілген жолаушылардың жүйеленбеген тасымалдарын жасауға қажетті рұқсат берілуі жөніндегі өтінішін өз елінің құзырлы органына жібереді, ал ол орган бұл өтінішті екінші Келісуші Жақтың құзырлы органына жолдайды.

3. Осы Келісімнің 4-бабында ескертілген тасымалдарды қоспағанда, жолаушылардың әрбір жүйеленбеген тасымалына жеке рұқсат берілуі қажет, сөйтіп рұқсатта басқадай ештеңе көрсетіліп айтылмаса, бұл рұқсат тек бір рейстің әрі барып, кері қайтуына ғана құқық береді. Рұқсатта тасымалдың өзгешелік түрі мен көлік құралының барған елінде қаншалық мерзім болатындығы туралы мәліметтер болуы қажет.

4-бап

1. Жүйеленбеген жолаушы тасымалдарын атқару үстінде мына жағдайларда рұқсат талап етілмейді:

а) бір құрамдағы тасымалданатын жолаушылар тобы бүкіл жол бойы бір көлікпен тасымалданатын болса және ол көліктің жүретін жол маршруты соның өзі тіркелген Келісуші Жақтың территориясында бітетін болса;

б) тасымалдау жұмысы көлік тіркелген Келісуші Жақтың территориясында басталып, екінші Келісуші Жақтың территориясында бітетін болса және сол көлік өзі тіркелген Келісуші Жақтың территориясына бос қайтып келетін болса;

в) көлік құралы екінші Келісуші Жақтың территориясына бос барып, сол жақтан тасымалдаушының көлік құралдарымен бұрынырақ жеткізіліп тасталған жолаушылар тобын көлік құралының тіркелген еліне қайта алып келетін болса;

г) жүйеленбеген транзиттік рейс болса.

2. Бұзылған көлік құралын басқа көлік құралымен ауыстырған кезде де рұқсат талап етілмейді.

3. Осы баптың 1-тармағында ескертілген тасымалдарды жасаған кезде көлік құралын жүргізушінің қолында жолаушыларының тізімі болуы тиісті.

II. Жүктерді тасымалдау

5-бап

1. Осы Келісімнің 6-бабында ескертілген тасымалдарды қоспағанда, екі елдің арасындағы немесе олардың территориялары арқылы транзитпен өтетін жүк тасымалдары Келісуші Жақтардың құзырлы органдары тарапынан берілетін рұқсаттар негізінде тіркемесі немесе жартылай тіркемесі бар, болмаса ондай тіркемелері жоқ жүк автомобильдерімен жасалып отырады.

2. Әрбір жүк тасымалына жеке рұқсат берілуі тиісті, егер рұқсат қағазда басқадай ештеңе жазылмаған болса, бұл рұқсат бір рейстің әрі барып, кері қайтуына ғана құқық береді.

6-бап

1. Мына тасымалдарды атқарғанда рұқсат қағаздар талап етілмейді:

а) көшіп-қону кезінде жылжымалы мүліктерді тасымалдауда;

б) жәрмеңкелер мен көрмелерге апаруға арналған жәдігерлерді (экспонаттарды), құралдар мен материалдарды тасымалдауда;

в) көлік құралдарын, малдарды, сондай-ақ спорттық ойын-шараларын өткізуге арналған инвентарлар мен мүліктерді тасымалдауда;

г) театр декорациялары мен реквизиттерін, музыкалық аспаптарды, кино түсіруге, радио және телевизия хабарларын жасауға қажетті құрал-жабдықтарды тасымалдауда;

д) қайтыс болған адамның мәйіті мен табытын тасымалдауда;

е) жүк көтерім шамасы 3,5 тоннаға дейінгі автомобильдермен жалпы салмағы 6 тоннадан аспайтындай тасымалдар жасауда;

ж) бұзылған көлік құралдарын немесе соларға техникалық жәрдем көрсету үшін

қажетті құралдарды тасымалдауда;

з) пошта тасымалдауда;

и) табиғи апаттар кезінде көмек көрсетуге қажетті медициналық құралдар мен дәрі-дәрмектерді тасымалдауда.

2. Осы баптың 1-тармағының б, в, г тармақшаларында көрсетілген ескертпелер көлік үстіндегі жүк тек сол автокөлік тіркелген елге қайтарылып әкелінетін болғанда ғана немесе үшінші елдің территориясына транзитпен тасымалданатын болғанда ғана өз күшінде болады.

7-бап

1. Жүксіз немесе жүкпен келе жатқан автокөлік құралының сыртқы шектік көлемі болмаса салмағы екінші Келісуші Жақтың территориясында орнықтырылған мөлшерден артық болған жағдайда, сондай-ақ қауіпті жүктерді тасымалдаған жағдайда, тасымалдаушы екінші Келісуші Жақтың құзырлы органынан арнайы рұқсат алуы тиісті.

2. Егер осы баптың 1-тармағында ескертілген рұқсатта автокөлік құралының нақтылы бір маршрут бойынша жүруі көрсетілсе, онда тасымал сол маршрутпен жасалуы тиісті.

III. Жалпы ережелер

8-бап

1. Келісуші Жақтардың құзырлы органдары жолаушылар мен жүктерді тасымалдауға берілетін рұқсаттардың өзара келісілген санын бір-біріне жылма-жыл беріп отыратын болады.

Ол бланкілерде рұқсат берген құзырлы органдардың мөрі мен жауапты адамның қолы қойылуы тиісті.

2. Келісуші Жақтардың құзырлы органдары рұқсат бланкілерімен алмасу тәртібін өзара келісіп шешеді.

9-бап

1. Осы Келісімде көрсетілген тасымалдарды өз елінің ішкі заңдарына сәйкес халықаралық тасымалдар атқаруға тиісті рұқсат алған тасымалдаушылар ғана жасайтын болады.

2. Халықаралық тасымалдар атқарушы автокөлік құралдарында өз елінің ұлттық тіркеу және айырмашылық белгілері болуы тиісті.

10-бап

1. Екінші Келісуші Жақтың құзырлы органының рұқсаты болмаса Келісуші Жақтардың бірінің тасымалдаушыларына екінші Келісуші Жақтың территориясындағы екі пункт арасында жолаушылар мен жүктердің тасымалдарын жасауға рұқсат етілмейді.

2. Егер тасымалдаушы екінші Келісуші Жақтың құзырлы органының арнайы рұқсатын алған болса, онда ол екінші Келісуші Жақтың территориясынан үшінші елдің

территориясына, сондай-ақ үшінші елдің территориясынан екінші Келісуші Жақтың территориясына тасымалдар жасай алады.

11-бап

Осы Келісімде көрсетілген жүк тасымалдары жалпылама қабылданған халықаралық үлгілерге сәйкес келетін жүк қағаздары (накладная) бойынша орындалып отырады.

12-бап

1. Көлік құралын жүргізушінің қолында ұлттық немесе халықаралық жүргізуші куәлігі мен көлік құралының ұлттық тіркеу құжаттары болуы тиісті.

2. Ұлттық немесе халықаралық жүргізуші куәліктері жол қозғалыс туралы Халықаралық конвенцияда бекітілген үлгіге сәйкес болулары тиісті.

13-бап

Келісуші Жақтардың бірінің территориясында тіркелген және уақытша екінші Келісуші Жақтың территориясында жүрген автокөлік құралдары осы территорияда жүргені үшін немесе оның басқа елге тиістілігі үшін алынатын барлық алымдар мен салықтардан босатылады.

14-бап

Осы Келісім негізіндегі тасымалдар осы тасымалдарды атқарушы әрбір автокөлік құралының азаматтық жауапкершілігін алдын-ала міндетті түрде қауіпсіздендірген жағдайда ғана жасалады.

15-бап

Ауыр науқасты адамдарды, жүйеленген түрде жолаушыларды, сондай-ақ жануарлар мен тез бұзылатын жүктерді тасымалдағанда шекаралық, кедендік және санитарлық бақылаулар кезексіз түрде өткізіледі.

16-бап

1. Осы Келісім негізінде тасымал атқарған кезде кедендік алымдардан және рұқсат қағаз алудан екінші Келісуші Жақтың территориясына апарылатын мынадай заттар б о с а т ы л а д ы :

а) әрбір автокөлік құралының моделіне арнайы қондырылып, оның қозғағышын көріктендіретін жүйемен технологиялық және конструкциялық түрде байланысқан с ы й ы м д ы л ы қ і ш і н д е г і ж а н а р м а й ;

б) шекарадан кірген кезде автокөлік құралында болған, тасымалдау кезінде пайдалану үшін қажет болатын жағармай материалдары;

в) халықаралық тасымал атқарушы автокөлікті бұзылғанда жөндеу үшін қажет бо л а т ы н қ о с а л қ ы б ө л ш е к т е р .

2. Пайдаланылмаған қосалқы бөлшектер кері қайтарылып әкетіледі де, ауыстырылған қосалқы бөлшектер ол елден шығарылады немесе жойылады, болмаса тиісті Келісуші Жақтың территориясында қалыптасқан тәртіп бойынша тапсырылады.

17-бап

Келісуші Жақтардың бірінің тасымалдаушылары екінші Келісуші Жақтың территориясында жүрген кезде сол территориядағы пәрменді ережелер мен нормаларды сақтауы тиісті.

Бұл Келісім бұзылған жағдайда Келісім бұзылған жердегі елдің құзырлы органның өтініші бойынша тасымалдаушысы бар елдің құзырлы органы Келісімнің орындалуын қамтамасыз ететіндей қажетті шаралар қолдануы тиісті.

Қолданылған шаралар туралы тасымал атқарушы елдің құзырлы органы екінші елдің құзырлы органын оның өтініші бойынша хабардар етеді.

Тасымалдаушы барған жеріндегі елдің заңын бұзған жағдайда бұл баптың ережелері оны жауапкершіліктен босатпайды.

18-бап

Келісуші Жақтардың құзырлы органдары осы Келісімнің орындалуына қатысты мәселелерді талқылау үшін және тәжірибе алмасу үшін өзара кездесулер өткізіп отырады.

Келісуші Жақтар өздерінің құзырлы органдарының өкілдерінен осы Келісімнің орындалуын көздейтін Аралас комиссия құрады.

IV. Қорытынды қағидалар

19-бап

Осы Келісіммен, сондай-ақ Келісуші екеуі де қатысқан халықаралық келісімдермен реттелмеген мәселелер әрбір Келісуші Жақтың ішкі заңдарына сәйкес шешілетін болады.

20-бап

Осы Келісімді түсіндіруге және пайдалануға байланысты туындайтын барлық даулы мәселелерді Келісуші Жақтар өзара келіссөздер арқылы және Келісуші Жақтардың Аралас комиссиясының кеңесі арқылы шешіп отырады.

Егер Келісуші Жақтардың Аралас комиссиясы келісімге келе алмаса, дау қазылар сотының қарауына тапсырылуы мүмкін. Ол үшін әрбір Келісуші Жақ өз қазысын тағайындайды. Тағайындалған қазылар үшінші қазыны анықтап, оған қазылар Төрағасының міндеті жүктеледі.

Қазылар соты (арбитраж) талапкер орналасқан жерде немесе, екі жақтың келісімімен, басқа жерде де өткізіле береді.

21-бап

Бұл Келісім Келісуші Жақтардың бұрын жасаған басқадай халықаралық шарттары мен келісімдерінен шығатын құқықтары мен міндеттеріне еш әсерін тигізбейді.

22-бап

1. Бұл Келісім оның қабылданғанын растайтын дипломатиялық ноталармен алмасу арқылы анықталған күні күшіне енеді.

2. Бұл Келісім 10 жылдық мерзімге жасалып отыр және Келісуші Жақтардың бірі екінші Келісуші Жаққа Келісімнің күшін жою туралы өз тілегін хабарлағаннан кейін 90 күн бойы күшін сақтайды.

Келісім Вильнюс қаласында 1993 жылғы 21 шілдеде екі түпнұсқа дана болып, әрқайсысы қазақ, литва және орыс тілдерінде жасалды да, келіспеушілік туындағандай жағдайда негізіне орыс тіліндегі тексті алынатын болды.

(Қолдары)

Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Литва Республикасы Үкіметі арасындағы темір жол қатынасы және темір жол көлігі саласындағы ынтымақтастық туралы КЕЛІСІМ

(Келісім 1993 жылғы 3 желтоқсаннан бастап күшіне енді - Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары бюллетені, 2004 ж., N 2, 4-күжат)

Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Литва Республикасы Үкіметі, бұдан былай "Келісуші Жақтар" деп аталатын болады,

мемлекетаралық және транзиттік тасымалдардың көлемі мен тиісті сапасына қатысты мәселелер бойынша келісушілікті іске асыру мақсатында,

қозғалыс қауіпсіздігі мен тасымалдаулар тиімділігін қамтамасыз ету үшін тасымал процестерінің технологиялық және коммерциялық негіздерін үйлестіру қажеттілігімен с а н а с а о т ы р ы п ,

сондай-ақ жүктер мен жолаушыларды тасымалдау мұқтаждықтарын мүмкіндігінше т о л ы қ қ а м т у ғ а ұ м т ы л а о т ы р ы п ,

мынадай келісімдерге келді:

1-бап

Қазақстан Республикасы мен Литва Республикасы арасындағы темір жол қатынасы б ы л а й ш а ж а с а л ы п о т ы р а д ы :

1.1. Транзиттік түрде Қазақстан Республикасы мен Литва Республикасына шектес жатқан Беларусь, Латвия, Польша, Россия Федерациясы мемлекеттері арасында, сондай-ақ жүктерді жіберуші және қабыл алушы мемлекеттермен - Клайпеда қаласындағы теміржол-теңіз өткелі арқылы;

1.2. Қазақстан Республикасы мен Литва Республикасы арасында Беларусь, Россия Федерациясы мемлекеттерінің территориясы арқылы;

1.3. Транзиттік темір жол қатынасы Литва Республикасы мен Қырғызстан, Өзбекстан, Түркіменстан, Қытай мемлекеттері арасында Қазақстан Республикасының т е р р и т о р и я с ы а р қ ы л ы .

Қазақстан Республикасы мен Литва Республикасы, сондай-ақ ескертілген басқа да мемлекеттер территориялары арқылы өтетін темір жол қатынасы, шартта басқадай жайлар қарастырылған болмаса, жүктер мен жолаушылардың темір жол қатынастары (

СМГС, СМПС) туралы халықаралық келісімдер негізінде жасалады. Бұл Келісімнің заңдылық күші Қазақстан Республикасы мен Литва Республикасы территориялары бойынша өтетін транзиттік темір жол қатынасы мәселелері жөніндегі бұрын жасалған шарттар мен келісімдердің заңдылық күшіне теңдес саналады.

2-бап

2.1. Екі Жақ та өздері немесе өздеріне қарасты көліктік органдары қатынасқан темір жол қатынасы, пошта тасымалдары, байланыс пен тарифтер саласындағы халықаралық конвенцияларды, шарттар мен келісімдерді мойындайды.

2.2. Осы Келісімді талдап түсіндіруге немесе қолдануға байланысты туындайтын әрбір талас пікір Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі мен Литва Республикасы Қатынас министрлігінің тікелей келіссөздері арқылы шешіліп отырады. Егер ескертілген билік орындары келісімге келе алмаса, дау дипломатиялық каналдар арқылы шешіледі.

2.3. Егер Келісуші Жақтар келіссөздер үстінде келісімге жете алмаса, онда дау мәселесі арбитраждық соттың қарауына тапсырылуы мүмкін. Ол үшін Келісуші Жақтардың әрқайсысы бір-бірден өздерінің арбитрын тағайындайды. Тағайындалған арбитрлар Арбитраждың Төрағалық міндеті жүктелетін үшінші арбитрды анықтайды. Екі Жақ дипломатиялық каналдардан даулы мәселелерді арбитраж арқылы шешу жөніндегі ұсыныстық хабарлама қағаз алғаннан кейін 60 күн ішінде өздерінің арбитрларын тағайындайды. Арбитраж Төрағасы келесі 60 күн ішінде тағайындалады. Егер Келісуші Жақтардың біреуі өз арбитрын тағайындамаса немесе белгіленген мерзім ішінде арбитраждың үшінші мүшесі тағайындалмаса, онда Келісуші Жақтар үшінші арбитрды және (немесе) Арбитраж Төрағасын тағайындау жөніндегі өтінішті Темір Жолдар Ынтымақтастығы Ұйымы Комитетінің Төрағасына бере алады.

2.4. Келісуші Жақтар Арбитраждың немесе үшінші жақтың (ұйымның) осы баптағы 2.3. тармаққа сәйкес қабылдаған шешімдерін орындауға міндеттенеді.

2.5. Келісуші Жақтардың әрқайсысы өзі тағайындаған арбитрдың жұмысына қатысты шығындарды өзіне алады. Арбитраж Төрағасының гонорары мен шығынын, сондай-ақ арбитраж жұмысына қатысты шығындарды екі Келісуші Жақтар теңдес түрде төлейді.

3-бап

Келісуші Жақтар тасымалдау процестері кезінде адамдардың сәтсіз оқиғаларға ұшырауы, апаттар мен күйреулер нәтижесінде жолаушылар мен жүк иелерінің денсаулығына және мүліктеріне келтірілген зардаптармен байланысты материалдық жауапкершіліктер туралы мәселелерді мына тұрғыдан қарайтын болды:

3.1. Қызмет бабындағы адамдардың сәтсіз оқиғаларға ұшырауына байланысты шыққан зиянның орнын зақымданған адам қай темір жолдың штатында болса, сол темір жол органы өз елінің заңы бойынша толықтыратын болады.

3.2. Қызметтік міндетін атқару кезінде өз жұмыскерінің кінәсынан келтірілген

зардап үшін Келісуші Жақтардың бірінің темір жол органдары екінші Келісуші Жақтың темір жол органдары алдында жауапты болады.

3.3. Темір жол қызметкерінің кінәсынан келтірілген зардаптың орнын толықтыру туралы мәселе Келісуші Жақтардың өзара келісімі бойынша шешіледі.

Стихиялық апат салдарынан болған шығындардың орны толтырылмайды.

3.4. Белгілі тәртіппен қабылданған жүктің алушысына тапсырылғанға дейін бұзылғаны немесе ұрланғаны үшін жауапкершілік, басқа келісімдермен ол жөнінде ештеңе ескертілмеген жағдайда, Келісуші Жақтардың қайсысының территориясында жүк бұзылған немесе ұрланған болса, сол жақтың органдарына жүктеледі.

3.5. Келісуші Жақтардың әрқайсысының зардап орнын толықтыру үшін тікелей жауапқа тартылған темір жол органдары, екінші Келісуші Жақтың темір жол органдарында қызмет істеушілердің әрекеті немесе әрекетсіздігі болған жағдайға тікелей қатысты және кінәлі деп ұйғарылса, кері талап қоюға құқықты болады.

4-бап

Келісуші Жақтар өздеріне қарасты темір жол саласындағы ведомстволардың тұрақты түрдегі ғылыми-техникалық, экономикалық және ғылыми ынтымақтастықтарын орынды деп санайды және қолдайтын болады, оның ішінде ынтымақтастың мынадай түрлері мен бағыттарына қолдау көрсетіледі:

4.1. Туризмді ұйымдастыру бойынша қызмет етуде.

4.2. Тар профильдік мамандар даярлау үшін студенттермен алмасуда.

4.3. Тарифтерді орнықтыру мәселелері жөніндегі қатынастарды жетілдіре түсуде.

4.4. Қазіргі заманның техникасы мен технологиясын енгізу, техникалық пайдалану Ережелері мен басқа да өндірістік нұсқауларды дайындауда бірлесіп жұмыс істеуде.

4.5. Ғылыми зерттеулер және ұсыныстар жасауда.

4.6. Ақпараттармен алмасуда.

5-бап

Келісуші Жақтар темір жол ведомстволары арасында нақтылы жағдайларда қолдануға қолайлы болатын келісімдер жасау, осы Келісімнің қағидаларын іске асыру тәртібін айқындау үшін өздерінің тиісті органдарына өкілеттіктерін береді.

6-бап

6.1. Бұл Келісім оның қабылданғанын растайтын дипломатиялық ноталармен анықталған күннен бастап күшіне енеді.

6.2. Бұл Келісім 10 жылдық мерзімге жасалды және Келісуші Жақтардың бірі екінші Келісуші Жаққа оның күшін тоқтату туралы өз пікірін хабарлағаннан кейін 90 күн бойы күшінде болады.

Келісім 1993 жылғы 21 шілдеде Вильнюс қаласында екі дана болып, әрқайсысы қазақ және литва тілдерінде, екі текстінің де күші теңдес етіліп жасалды. Әр данаға оның жұмысшы тілі саналатын орыс тіліндегі ресми аудармасы тіркелді.

(Қолдары)

Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Литва Республикасы Үкіметі арасындағы КЕЛІСІМ

(Келісім 1993 жылғы 3 желтоқсаннан бастап күшіне енді - Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары бюллетені, 2003 ж., N 11, 78-құжат)

Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Литва Республикасы Үкіметі, бұдан былай "Келісуші Жақтар" деп аталады, өздеріне тиісті территориялар арасында және олардан сыртқары жерлерге әуе қатынасын орнықтыру мақсатымен Келісім жасауды қалай отырып, төмендегідей келісімдерге келді:

1 - б а п

Айқындамалар

1. Осы Келісімнің мақсаттары үшін:

а) "Конвенция" термині -1944 жылы 7 желтоқсанда Чикагода қол қоюға ашық деп қабылданған халықаралық азаматтық авиация туралы Конвенцияны білдіреді және де Қазақстан Республикасы мен Литва Республикасы тиісті түрде танып бекіткен сол Конвенцияға осы Келісімнің Келісуші Жақтарының қолданыстарына қажетті дәрежедегі кез келген Конвенция Қосымшасы мен ол Қосымшаға Конвенцияның 90-бабына сәйкес енгізілген кез келген түзетулер және Конвенцияның 94-бабына сәйкес оның өзіне енгізілген кез келген түзетулер де кіреді;

б) "авиациялық билік орындары" термині Қазақстан Республикасына қатысты - Көлік министрлігін, Литва Республикасына қатысты - Қатынас министрлігін немесе екі жағдайда да көрсетілген билік орындарының міндетін атқаруға осы кезде өкілеттік алған кез келген адамды әйтпесе органды білдіреді;

в) "тағайындалған авиация кәсіпорны" термині осы Келісімнің 4-бабына сәйкес тағайындалған және өкілеттік алған авиация кәсіпорнын білдіреді;

г) "территория" термині Конвенцияның 2-бабында көрсетілген мағынаны білдіреді;

д) "әуе қатынасы", "халықаралық әуе қатынасы", "авиация кәсіпорны" және "коммерциялық емес мақсаттармен аялдама жасау" терминдері Конвенцияның 96-бабында көрсетілген мағыналарды білдіреді;

е) "сыйымдылық" термині әуе кемесіне қатысты алғанда сол әуе кемесінің бүкіл маршрут бойындағы немесе маршруттың бір бөлігіндегі пайдалы (коммерциялық) тиім салмағын білдіреді;

ж) "сыйымдылық" термині шарттық әуе жолына қатысты алғанда осы әуе жолында пайдаланылатын әуе кемесінің сыйымдылығын белгілі мерзім аралығында сол әуе кемесінің бүкіл маршрут бойынша немесе маршруттың бір бөлігіндегі ұшу жиілігіне көбейту арқылы анықталатын тасымалдың салмақ ауқымын білдіреді;

ә) "тариф" термині жолаушыларды, багаждар мен жүктерді тасымалдау үшін, осындай тасымалдаулар процесін жүргізгенде көрсетілетін кез келген қосымша қызметтерді қоса есептегенде, алынатын төлемақыларды, сондай-ақ жолаушыларды тасымалдауға билет сатылғаны үшін және жүк тасымалы кезіндегі тиісті ымыраластық алынатын төлемақыларды білдіреді. Көрсетілген терминге тасымалдау үшін төленетін төлемнің немесе делдалдық ақша төлемінің қолданылу шарттары да кіреді, төлемақысы мен ш а р т т а р ы к і р м е й д і .

2. Осы Келісімге тіркелген Қосымша оның ажыратылмас бөлігі болып табылады.

2 - б а п

Құқықтардың берілуі

Әрбір Келісуші Жақ екінші Келісуші Жаққа осы Келісімнің Қосымшасында көрсетілген маршруттар бойынша халықаралық әуе жолдарын (бұдан былай сәйкестік түрде "келісілген әуе жолдары" және "белгіленген маршруттар" деп аталады) орнату мақсатында осы Келісіммен қарастырылған құқықтарды береді.

3 - б а п

Ұшуға және тасымалдар жасауға берілетін құқықтар

1. Әрбір Келісуші Жақ тағайындаған авиация кәсіпорны белгіленген маршрут бойынша келісілген әуе жолдарын пайдалану кезінде мынадай құқықтарға ие бола а л а д ы :

- а) екінші Келісуші Жақтың территориясы үстінен қонбастан ұшып өте алады;
- б) екінші Келісуші Жақтың территориясындағы осы Келісімнің Қосымшасында көрсетілген пункттерге коммерциялық емес мақсаттармен қоныс жасай алады;
- в) халықаралық сапардағы жолаушыларды, жүк пен поштаны екінші Келісуші Жақтың территориясындағы пункттерде (пункттерден) тиеп және (немесе) түсіріп кету мақсатымен екінші Келісуші Жақтың территориясындағы осы Келісімге тіркелген Қосымшада көрсетілген пункттерге қона алады.

2. Бұл баптағы қағидалардың ешқайсысы бір Келісуші Жақтың тағайындаған авиация кәсіпорнына, үстеме ақы алу үшін немесе жалдану бойынша, екінші Келісуші Жақ территориясындағы пункттер арасында тасымалдау мақсатымен жолаушыларды, пошта мен жүкті әуе кемесіне отырғызып, тиеуге құқық береді деп қаралмайды.

3. Әрбір Келісуші Жақ әуе кемелерінің келісілген әуе жолдары бойынша ұшу маршруттары мен мемлекеттік шекарадан ұшып өту пункттерін өз территориясында белгілейді.

4 - б а п

Авиация кәсіпорындарының тағайындалу, кері шақырылу тәртібі және қызмет атқару жағдайлары

1. Әрбір Келісуші Жақ белгіленген маршруттар бойынша келісілген әуе жолдарын пайдалану мақсатымен екінші Келісуші Жақты жазбаша түрде хабардар ете отырып, өз авиация кәсіпорындарын тағайындауға құқықты болады.

2. Екінші Келісуші Жақ осындай хабарландыру қағаз алғаннан кейін, осы баптың 4-тармағындағы қағидаға сәйкес жедел түрде әрбір тағайындалған авиация кәсіпорнының ұшуына тиісті рұқсатын береді.

3. Келісуші Жақтардың әрқайсысы, екінші Келісуші Жақты өз шешімі туралы жазбаша түрде хабардар ете отырып, бұрын тағайындалған авиация кәсіпорнын кері шақырып, басқасын тағайындауға құқықты болады.

4. Келісуші Жақтардың бірінің авиациялық билік орындары ұшу рұқсатын берместен бұрын екінші Келісуші Жақ тағайындаған авиация кәсіпорнынан халықаралық әуе жолдарын пайдалану кезінде осы билік орындарының дағдылы түрде қолданып жүрген, сонымен бірге заңдармен және нормативтік актілермен, алдын-ала белгіленген шарттарды орындай алатын қабілетінің барлығына дәлелдемелер талап ете алады.

5. Әрбір Келісуші Жақ авиация кәсіпорнын тағайындаған екінші Келісуші Жақтың, әйтпесе оның азаматтарының тағайындалған авиация кәсіпорны үстінен айырықша иелік билігін жүргізе алатындығына және пәрменді бақылау жасай алатындығына дәлелі жоқ барлық жағдайда, ол авиация кәсіпорнына осы баптың 2-тармағында көрсетілген ұшу рұқсатын беруден бас тарта алады, немесе одан осы Келісімнің 3-бабында көрсетілген құқықтарды пайдаланған кезде қажет болады деген әрқилы шарттардың орындалуын өз тарапынан талап ете алады.

6. Тағайындалған және осылайша рұқсат алған авиация кәсіпорны, екі жақтан тағайындалған авиация кәсіпорындары арасында өзара үйлестірілген ұшу кестесін Келісуші Жақтардың авиациялық билік орындары бекіткен жағдайда және осы Келісімнің 10 және 11-баптарына сәйкес орнықтырылған тарифтер күшіне енгізілген жағдайда, келісілген әуе жолын пайдалануды бастай алады.

5 - б а п

Тасымалдар жасауға берілген рұқсат күшін жою немесе тоқтата тұру

1. Әрбір Келісуші Жақ екінші Келісуші Жақтың тағайындалған авиация кәсіпорнының ұшуларына берілген рұқсатты жоюға болмаса осы Келісімнің 3-бабында көрсетілген құқықтардың пайдалануын уақытша тоқтата тұруға, немесе сол құқықтарды пайдалану үстінде өз ұйғарымы бойынша қажет болады деген әрқилы шарттардың орындалуын мына жағдайларда талап ете алады:

а) авиация кәсіпорнын тағайындаған Келісуші Жақтың немесе оның азаматтардың қолында сол авиация кәсіпорнының үстінен айырықша иелік билігі барлығына болмаса пәрменді бақылау жүргізе алатындығына сенбегендей барлық жағдайда, немесе

б) егер сол авиация кәсіпорны өзінің ұшуына құқық берген Келісуші Жақтың заңдары мен нормативтік актілерін сақтамаған жағдайда, немесе

в) егер сол авиация кәсіпорны осы Келісіммен ұйғарылған шарттарды қандай-бір себептермен болса да, сақтамаған жағдайда.

2. Егер осы баптың 1-тармағында көрсетілген рұқсатты жедел түрде жою, уақытша тоқтата тұру немесе шарттардың орындалуын талап ету заңдар мен нормативтік актілердің одан әрі де бұзылуына тыйым салу үшін қажетті шара болмаса, онда сол тармақта сөз болған құқық Келісуші Жақтардың авиациялық билік орындары арасында кеңес өткізілгеннен кейін барып қолданылады. Авиациялық билік орындарының арасындағы ондай кездесулер мүмкіндігінше қысқа мерзім ішінде әрі кеткенде сұраныс алғаннан кейін 30 (отыз) күннен аспай өткізілуі тиісті.

6 - б а п

Ұлттық заңды қолдану

1. Халықаралық ұшыстар жасап жүрген әуе кемелерінің өз территориясында ұшып-қонуын реттейтін немесе өз территориясы шеңберінде ұшып жүргенде сол әуе кемелерін пайдаланушы, әйтпесе оларға навигациялық қызметтер көрсетуші бір Келісуші Жақтың заңдары мен нормативтік актілері екінші Келісуші Жақ тағайындаған авиация кәсіпорнының әуе кемелеріне де қолданылатын болады.

2. Өз территориясында жолаушылардың, экипаждардың, жүк пен поштаның келуін, болуын және жөнелтілуін сонымен қатар иммиграциялық, паспорттық, кедендік, валюталық, санитарлық және карантиндік ережелерге қатысты формальдылықтарды реттейтін бір Келісуші Жақтың заңдары мен нормативтік актілері көрсетілген территория шеңберінде жүріп-тұрып жатқан кезде екінші Келісуші Жақ тағайындаған авиация кәсіпорнының әуе кемелеріндегі жолаушыларға да, экипаждарға да, жүк пен поштаға да қолданылатын болады.

7 - б а п

Түсім ақшалар

Әрбір аэропортты, ондағы қызмет ғимараттарын, техникалық, тағы басқа құралдар мен қызмет түрлерін қоса есептегенде, пайдаланғаны үшін алынатын түсім ақшалар мен басқадай төлемдер, сондай-ақ аэронавигациялық құралдарды, байланыс құралдары мен қызмет түрлерін пайдаланғаны үшін алынатын барлық төлемақылар әрбір Келісуші Жақтың өзінде қалыптасқан төлем құндары мен тарифтеріне сәйкес жиналып алынып отырылады.

8 - б а п

Куәліктер мен растау құжаттар

1. Бір Келісуші Жақта берілген немесе пәрменділігі бар ұшу жарамдылығы туралы куәліктер, мамандық деңгейі туралы куәліктері мен растау құжаттары екінші Келісуші Жақта да пәрменділігі сақталған болып танылады, егер де сол куәліктер мен растау құжаттарының берілуіне қойылатын талаптар Конвенцияға сәйкес белгіленген ең төменгі стандарттарға лайықты болса, немесе олардан жоғары болып тұрса.

2. Дегенмен, өз территориясының үстімен ұшу жұмысын атқару мақсатында әрбір

Келісуші Жақ өз азаматтарының қай-қайсысына болса да екінші Келісуші Жақта берілген мамандық дәрежесі туралы куәліктер мен растау құжаттарын танымауға өз құқығын сақтай алады.

9 - б а п

Тікелей транзиттік тасымалдар

Күш көрсету актілеріне немесе әуе қарақшылығына қарсы қауіпсіздік шараларын қолдану қажеттілігі туындаған жағдайларда болмаса, бір Келісуші Жақтың территориясы арқылы тікелей транзитпен ұшып өтетін, сол мақсатқа бөлінген аэропорт аймағынан алыстамайтын жолаушылар, багаж бен жүктер жеңілдетілген бақылаудан өткізіледі. Тікелей транзитпен өтетін багаж бен жүктен кедендік баждар мен басқа да сол сияқты салықтар алынбайды.

1 0 - б а п

Ұшу сыйымдылығы мен кестесі

1. Келісуші Жақтардың тағайындалған авиация кәсіпорындарына олардың тиісті территориялары арасындағы белгіленген маршруттар бойынша келісілген әуе жолдарын пайдалануға әділ де теңдес жағдайлар туғызылады.

2. Келісуші Жақтардың тағайындалған авиация кәсіпорындары қызмет атқаратын келісілген әуе жолдары белгіленген маршруттар бойынша жасалатын тасымалдаулардың жалпылама қабылданған талғамдарына сай болулары тиісті, және де әрбір авиация кәсіпорынының бірден-бір міндеті - солардың тиісті территориялары арасындағы жолаушылардың, жүк пен пошта тасымалдарына деген қазіргі және дұрыс болжамды сұранымдарын қанағат ете алатындай лайықты жүктеу коэффициентін қолдана отырып, қолайлы сыйымдылық бөлу болып табылады.

3. Тағайындалған авиакәсіпорындары келісілген әуе жолдары бойынша ұшардың алдында ішінде ұшу жиілігі, пайдаланатын әуе кемелерінің типтері, олардың ішкі компоновкасы, ұшып келу және ұшып кету уақыттары туралы мәліметтер бар ұшу кестелерін өзара үйлестіріп алады.

4. Тағайындалған авиакәсіпорындар арасында келісілген ұшу кестелері күшіне кіретін белгілі күннен кем дегенде 30 (отыз) күн бұрын Келісуші Жақтардың авиациялық билік орындарының бекітуіне тапсырылады. Келісуші Жақтардың авиациялық билік орындарының арасындағы өзара келісім бойынша көрсетілген отыз күндік мерзімнің қысқартылуы да мүмкін.

5. Егер тағайындалған авиакәсіпорындар ұшу кестесін үйлестіру мәселесі бойынша уағдаластыққа жете алмаған болса, онда бұл мәселе Келісуші Жақтардың авиациялық билік орындарының арасында тікелей шешіледі.

6. Келісуші Жақтардың авиациялық билік орындарының бекітуінсіз ұшу кестелері күшіне енгізіле алмайды.

Бекітілген кестеге алдағы уақытта енгізілетін қандай-бір өзгерістер болса да, олар Келісуші Жақтардың авиациялық билік орындарының бекітуіне тапсырылуы тиісті.

7. Келісілген және бекітілген ұшу кестесі соның ішінде көрсетілген мезгіл бойы күшінде болады.

1 1 - б а п

Тарифтер

1. Кез келген келісілген әуе жолдарындағы тарифтер пайдаланыс шығыстарын, орынды пайданы, әуе жолының сипаттамаларын (мәселен, ұшу жылдамдығы мен қолайлылықты) және белгіленген маршруттың қайсыбір бөлігі үшін болмасын, басқадай авиация кәсіпорындарының тарифтерін қоса алып қарағанда, бүкіл тиісті факторлармен санаса отырып, лайықты деңгейде орнықтырылады. Бұл тарифтер төменде көрсетілген шарттарына сәйкес, бірақ күшіне кіретін күннен кемінде 30 (отыз) күн бұрын анықталып орнатылады.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген тарифтер мөлшерін, сондай-ақ сол тарифтерден түсетін агент делдалдығы үшін алынатын төлем мөлшерін, тағайындалған авиакәсіпорындар әрбір белгіленген маршруттар бойынша өздері келісіп отырады. Осылайша келісілген тарифтер Келісуші Жақтардың авиациялық билік орындарында бекітілетін болады.

3. Егер тағайындалған авиакәсіпорындар бұл тарифтердің ешқайсысымен де келісе алмаса немесе қайсыбір басқадай себептермен тариф осы баптың 2-тармағындағы шарттарға сәйкес келісілген болмаса, онда Келісуші Жақтардың авиациялық билік орындары тарифті өзара уағдаластық бойынша орнатуға тырысады.

4. Егер авиациялық билік орындары осы баптың 2-тармағына сәйкес ұсынылған қайсыбір тарифті орнату мәселелері бойынша уағдаластыққа қол жеткізе алмаса, онда ол келіспеушілік осы Келісімнің 19-бабындағы шарттарға сәйкес реттеледі.

5. Келісуші Жақтардың бірінің авиациялық билік орны бекітпеген бірде-бір тариф өз күшіне кіре алмайды.

6. Осы баптың шарттарына сәйкес жаңа тарифтер орнатылғанға дейін осы баптағы қағидаларға сәйкес орнатылған тарифтер күшінде қалады.

1 2 - б а п

Баж салығынан, кедендік салықтар мен сол сияқты алымдардан босату

1. Келісуші Жақтардың бірі тағайындаған авиация кәсіпорынының келісілген әуе жолдарында пайдаланылатын әуе кемелері, сондай-ақ олардың комплекттік құралдары, сондай әуе кемелерінің бортындағы жанармай қорлары мен жағармай материалдары, борт қорлары (азық-түлік тағамдары, сусындық және темекі бұйымдарын қоса есептегенде) екінші Келісуші Жақтың территориясына әкелінгеннен кейін де және сол мемлекеттің территориясынан кеткенде бортта қалатын болса да, кедендік баж салығынан да, тексеріс кезіндегі алымдардан да және сол сияқты мемлекеттік және жергілікті баждар мен алымдардан босатылады.

2. Сонымен бірге көрсетілген қызметтер үшін алынатын төлемақыларды қоспағанда

, ондай алымдар мен баж салықтарынан мыналар босатылады:

а) бір Келісуші Жақтың территориясында осы ескертілген Келісуші Жақтың өкіметі орнатқан шектеу мөлшерінде тиелген, және де келісілген әуе жолдарында сыбайлас Келісуші Жақ тағайындаған авиация кәсіпорнының пайдаланатын әуе кемесінің бортында қолдануға арналған борттық қорлар;

б) бір Келісуші Жақтың территориясына екінші Келісуші Жақ тағайындаған авиация кәсіпорнының келісілген әуе жолдарында пайдаланатын әуе кемесін техникалық қызметтен өткізу немесе жөндеу үшін әкелінген қосалқы бөлшектер;

в) бір Келісуші Жақтың тағайындаған авиация кәсіпорнының келісілген әуе жолдарында пайдаланатын әуе кемесінің тұтынуы үшін арналған жанармай мен жағармай материалдары, тіпті ол қорлар екінші Келісуші Жақтың территориясында тиеліп, сол территория шегінде жатқан маршрут бөлігінде қолданылатын болса да;

г) 15-бапта ескертілген өкілдіктердің жабдықталуы мен қызмет атқаруы үшін қажетті материалдар мен құрал-жабдықтар (құрылыс материалдары, жиһаз, алдын ала орын сайлауға және байланысуға қажет электрондық құралдар, іс ұйымдастыру техникалары, автобустар мен оларға керек қосалқы бөлшектер), Келісуші Жақтың бірі тағайындаған авиация кәсіпорны пайдаланатын құжаттар, авиация билеттерін, авиациялық жүк алу-жүк жіберу қағаздарын (авианакладная) қоса есептегенде, сондай-ақ жарнамалық материалдар.

3. Қойылған талап бойынша осы баптың 2-тармағында көрсетілген материалдар, құрал-жабдықтар, қорлар мен қосалқы бөлшектер, сондай-ақ құжаттар кедендік билік орындарының бақылауына немесе қадағалап, тексеруіне тапсырылуы мүмкін.

4. Бір Келісуші Жақтың тағайындаған авиация кәсіпорнының келісілген әуе жолдарында пайдаланатын әуе кемесінің бортындағы комплектілік құралдар, материалдар, қорлар мен қосалқы бөлшектер екінші Келісуші Жақтың территориясында тек осы Келісуші Жақтағы кедендік билік орындарының келісімімен ғана түсірілетін болады. Ондай жағдайда олар кері әкетілгенге дейін және кедендік ережелерге сәйкес басқадай қолданыс тапқанға дейін ескертілген билік орындарының қадағалауында болып жайластырылуы мүмкін.

1 3 - б а п

Табыс ақшаның аударылуы

Әрбір Келісуші Жақ екінші Келісуші Жақтың тағайындаған авиация кәсіпорнына келісілген әуе жолдарын пайдаланудан түсетін табыс пен шығыстың айырмалық сомасын еркін аударып отыруға құқық береді.

Мұндай ақша аударымы, Келісуші Жақтар қолданатын валюта алмастыру ережелеріне сәйкес, ақша аударылатын күнде орныққан ресми халықаралық қаржы алмастыру құны бойынша еркін конверсиялау валютасымен жасалып отырылады.

Егер Келісуші Жақтар арасында өзара есеп айырысу мен төлем төлеулер туралы келісім-шарт жасалатын болса, онда олар осындай келісім-шартты басшылыққа алатын болады.

1 4 - б а п

Салықтардан босату

Келісуші Жақтардың бірі тағайындаған авиация кәсіпорынының екінші Келісуші Жақ территориясында жүріп келісілген әуе жолдарын пайдаланудан тапқан табыстары екінші Келісуші Жақ тарапынан осы екінші Келісуші Жақтық нормативтік актілеріне сәйкес салынатын немесе қолданылуы мүмкін болатын салықтардан босатылады.

1 5 - б а п

Өкілеттіктер

1. Бір Келісуші Жақтың тағайындаған авиация кәсіпорынына келісілген әуе жолдарын пайдалануды қамтамасыз ету үшін екінші Келісуші Жақтың территориясында қажетті мөлшердегі әкімшілік, коммерциялық және техникалық қызметкерлер тобы бар өзінің өкілдіктерін ашуға құқық беріледі.

2. Әрбір Келісуші Жақтың тағайындалған авиация кәсіпорыны авиациялық тасымал жұмыстарын екінші Келісуші Жақтың территориясында тікелей өзі немесе осы екінші Келісуші Жақтың заңдарына немесе нормативтік актілеріне сай тағайындалатын өз агенттері арқылы сата алады.

3. Егер бір Келісуші Жақтың кәсіпорынының екінші Келісуші Жақ территориясында жасайтын коммерциялық қызмет мәселелері, тасымал жұмыстарын сатуды қоса есептегенде, Келісуші Жақтар арасындағы арнайы Келісіммен реттелетін болса, онда сол арнайы келісім қолданылатын болады.

1 6 - б а п

Авиация қауіпсіздігі

1. Келісуші Жақтар, өздерінің халықаралық құқықтардан туындайтын құқықтары мен міндеттеріне сәйкес, азаматтық авиация қауіпсіздігін оған заңсыз түрде араласу актілерінен қорғау жөніндегі бір-біріне қатысты міндеттемелерін осы Келісімнің ажыратылмас бөлігін құрайды деп растайды. Халықаралық заңдар бойынша алған өз құқықтары мен міндеттерінің жалпылама қолданысын шектеп қоймай, Келісуші Жақтар 1963 жылы 14-қыркүйекте Токиода қол қойылған әуе кемесінің бортында жасалатын қылмыстар мен қайсыбір басқа актілер туралы Конвенцияның, 1970 жылы 16-желтоқсанда Гаагада қол қойылған әуе кемесін заңсыз басып алумен күресу туралы Конвенцияның, 1971 жылы 23-қыркүйекте Монреальда қол қойылған Азаматтық авиация қауіпсіздігіне қарсы бағытталған заңсыз актілермен күресу туралы Конвенцияның, 1988 жылы 24-ақпанда Монреальда қол қойылған Халықаралық азаматтық авиацияға қызмет көрсететін аэропорттардағы заңсыз зорлық жасау актілерімен күресу туралы Хаттаманың қағидаларына, Келісуші Жақтар арасындағы күші сақталған екі жақтық келісімдер қағидаларына, сондай-ақ алдағы уақытта

олардың арасында жасалатын басқадай келісімдер қағидаларына сәйкес әрекет-қимыл ж а с а й д ы .

2. Келісуші Жақтар өтініш бойынша әуе кемелерін заңсыз басып алу мен сол әуе кемелерінің, олардың жолаушылары мен экипаждарының, аэропорттар мен әуе навигациялық құралдарының қауіпсіздігіне қарсы бағытталған басқадай заңсыз актілерге, сондай-ақ азаматтық авиация қауіпсіздігіне қатер туғызатын басқадай кез келген әрекеттерге жол бермеу мәселелері бойынша бір-біріне барлық қажетті көмегін к ө р с е т е д і .

3. Келісуші Жақтар Халықаралық азаматтық авиация ұйымы орнатқан авиация қауіпсіздігі туралы ережелер мен техникалық талаптарға және Халықаралық азаматтық авиация туралы Конвенцияның Қосымшаларында қарастырылған ережелерге сәйкес ол ережелер мен талаптар Келісуші Жақтарға қаншалықты қолданымды болса, соншалықты дәрежеде қимыл-әрекеттер жасайды; олар әуе кемелерін пайдаланушылар мен оларды тіркеушілерден және өз территорияларында түбегейлі түрде тұрақтап жүрген немесе негізгі қызметтік орыны бар әуе кемелерінің пайдаланушыларынан және де олардың территорияларындағы әуежайларды пайдаланушылардан сол авиация қауіпсіздігі туралы ережелер мен талаптарға сәйкес қимыл-әрекет жасауларын талап е т е т і н б о л а д ы .

4. Келісуші Жақтардың әрқайсысы да екінші Келісуші Жақтың территориясына кіру , одан ұшып кету немесе оның территориясы шеңберінде болу үшін қарастырылған 3-тармақта ескертілген авиация қауіпсіздігі жөніндегі ережелер мен талаптардың сол әуе кемелерін пайдаланушылар тарапынан ұқыпты сақталуын екінші Келісуші Жақ талап ете алады дегенге келіседі. Әрбір Келісуші Жақ өз территориясы шеңберінде әуе кемелерін қорғау үшін жолаушыларды, экипажды, қол жүгін, багажды, жүкті, борттық қорларды әуе кемесіне отырғызудан немесе тиеуден бұрын, әйтпесе сол кезде тексеруден өткізіп, тиісті шаралардың қолданылуын қамтамасыз ететін болады. Әрбір Келісуші Жақ сонымен бірге нақтылы қатер туған жағдайда арнайы қауіпсіздік шараларын қолдану туралы екінші Келісуші Жақтың қай өтініші болса да тілектестікпен қ а р а й т ы н б о л а д ы .

5. Азаматтық әуе кемесін заңсыз басып алуға байланысты қақтығыс немесе қақтығыс қатері әйтпесе басқадай әуе кемесінің, оның жолаушылары мен экипажының, аэропорттар мен әуе навигациялық құралдардың қауіпсіздігіне қарсы бағытталған заңсыз актілер орын алған болса, Келісуші Жақтар ондай қақтығыстарды немесе қақтығыс қатерін жедел және зардапсыз жою мақсатында өзара байланысты жеңілдету мен тиісті шаралар қолдану арқылы бір-біріне көмек көрсететін болады.

1 7 - б а п

Статистикалық ақпарат

Бір Келісуші Жақтың авиациялық билік орындары екінші Келісуші Жақтың авиациялық билік орындарының сұрауы бойынша келісілген әуе жолдарында бірінші

Келісуші Жақ тағайындаған авиация кәсіпорынының атқарған тасымалдар көлемін анықтау мақсатымен лайықты түрде талап етілетін статистикалық ақпараттарды оқтын-оқтын беріп отырады.

1 8 - б а п

Кеңесулер

1. Осы Келісімнің орындалуына қатысты барлық мәселелер бойынша тығыз ынтымақтастықты қамтамасыз ету үшін Келісуші Жақтардың авиациялық билік орындары арасында мезгіл-мезгіл кеңесулер өткізіліп тұруы мүмкін.

2. Мұндай кеңесулер, Келісуші Жақтар арасында басқадай уағдаластықтар болмаса, кеңестік кездесу өткізу туралы Келісуші Жақтардың бірінің жазбаша өтініші алынған күннен бастап 30 күндік мерзім ішінде өткізіледі.

1 9 - б а п

Дау-дамайларды реттеу

1. Осы Келісімді немесе оған тіркелген Қосымшаны түсіндіруге, әйтпесе қолдануға байланысты туындаған кез келген дау-дамай Келісуші Жақтардың авиациялық билік орындары арасындағы тікелей келіссөздер арқылы шешіледі. Егер аталған билік орындары келісімге келе алмаса, онда дау-дамай дипломатиялық каналдар бойынша ш е ш і л е д і .

2. Егер келіссөздер үстінде Келісуші Жақтар уағдаластыққа қол жеткізе алмаса, онда дау-дамай Төрелік соттың қарауына тапсырылуы мүмкін. Ол үшін әрбір Келісуші Жақ өз жағының төрешісін тағайындайды. Тағайындалған төрешілер үшінші төрешіні анықтап, оған Төрелік соттың Төрағалық міндеті жүктеледі. Тараптар дау-дамай мәселелерін төрелік сот арқылы шешу жөнінде ұсыныстар түскені туралы дипломатиялық каналдар бойынша хабар алған күннен бастап 60 (алпыс) тәулік ішінде өз төрешілерін тағайындайды. Төрелік соттың Төрағасы келесі 60 (алпыс) тәулік ішінде тағайындалады. Егер Келісуші Жақтардың біреуі өз төрешісін тағайындамаса немесе межелі мерзім ішінде төрелік соттың үшінші мүшесі тағайындалмаса, онда Келісуші Жақтар төрешіні және (немесе) Төрелік соттың Төрағасын тағайындауды Халықаралық Азаматтық авиация Ұйымының Кеңесі Президентінен өтіне алады.

3. Келісуші Жақтар осы баптың 2-тармағына сәйкес, қабылданған Төрелік соттың ш е ш і м і н о р ы н д а у ғ а м і н д е т т е н е д і .

4. Егер Келісуші Жақтың біреуі Төрелік соттың шешімін орындамаса, онда екінші Келісуші Жақ сыбайлас Келісуші Жаққа берілген құқықтар мен артықшылықтарды ж о ю ғ а е р і к т і б о л а д ы .

5. Келісуші Жақтардың әрқайсысы тағайындалған өз төрешісінің жұмысына байланысты шығындарды өзіне алады. Төрелік Сот Төрағасының қаламақысы мен шығынын, сондай-ақ Төрелік Соттың жұмысымен байланысты шығындарды, егер Төрелік Сотта басқадай көзі ескерілмесе, екі Келісуші жақ тепе-тең төлейді.

2 0 - б а п

Өзгертулер мен толықтырулар енгізу

1. Егер Келісуші Жақтардың бірі осы Келісімнің немесе оған тіркелген Қосымшаның шарттарын өзгертуге, әйтпесе толықтыруға ұсыныс етсе, онда ол ұсынылған өзгерістерге немесе толықтыруларға қатысты Келісуші Жақтардың авиациялық билік орындары арасында кеңесулер өткізіледі. Кеңесулер, егер Келісуші Жақтардың авиациялық билік орындары мерзімді ұзарту туралы уағдаласпаса, кең өткізу туралы сұраныс түскен күннен бастап санағанда 60 (алпыс) күннің ішінде б а с т а л у л а р ы к е р е к .

2. Өзгертулер мен толықтырулар дипломатиялық каналдар (жолдар) бойынша ноталармен алмасып, оларды растағаннан кейін барып күшіне енеді. Қосымшаға енетін өзгерістер мен толықтырулар Келісуші Жақтардың авиациялық билік орындарының өзара келісімімен енгізіледі.

2 1 - б а п

Тіркеу

Бұл Келісім мен оған жасалатын кез келген түзетулер Халықаралық Азаматтық авиация ұйымында тіркелетін болады.

2 2 - б а п

Келісім күшін тоқтату

1. Бұл Келісім нақтылы анықталмаған мерзімге жасалды.

2. Әрбір Келісуші Жақ дипломатиялық каналдар бойынша осы Келісімнің күшін тоқтату туралы өз ниетін екінші Келісуші Жаққа кез келген уақытта ескерту хатпен хабарлай алады. Ондай жағдайда, екінші Келісуші Жақ ескерту хатты алған күннен бастап 12 (он екі) ай өткеннен кейін Келісім күші тоқтатылады, егер де осы мерзім өткенге дейін Келісімнің күшін тоқтату туралы ескерту хат екі Жақтың бірдей келісуі бойынша кері қайтарылып алынбаса.

2 3 - б а п

Келісімнің күшіне енуі

Бұл Келісім уақытша оған қол қойылған күннен бастап қолданыла береді және де Келісуші Жақтардың конституциялық формальдылықтары орындалғаны туралы дипломатиялық ноталармен алмасқан күннен бастап күшіне енеді.

Келісім Вильнюс қаласында 1993 жылдың 21 шілде күні түпнұсқалық екі дана болып, әрқайсысы қазақ, литва және орыс тілдерінде жасалды, сонымен бірге барлық текстілердің де күші теңдес саналады.

Бұл Келісімді талдап түсіндіруде қайшылық туған жағдайда негіз ретінде орыс тіліндегі тексті қабылданады.

(Қолдары)

Келісімге қосымша

1. Қазақстан Республикасы Үкіметімен тағайындалған авиация кәсіпорынының келісілген әуе жолдарын мынадай маршруттар бойынша жүйелі пайдалануына құқы б о л а д ы :

Шығатын пункттері	Аралық пункттері	Баратын пункттері	Литва Республикасынан сыртқары пункттер
Алматы		Вильнюс	

2. Литва Республикасы Үкіметімен тағайындалған авиация кәсіпорынының келісілген әуе жолдарын мынадай маршруттар бойынша жүйелі пайдалануына құқы б о л а д ы :

Шығатын пункттері	Аралық пункттері	Баратын пункттері	Қазақстан Республикасынан сыртқары пункттер
Вильнюс		Алматы	

3. Алматы мен Вильнюстен басқа Келісуші Жақтардың территориясындағы нақтылы пункттер Келісуші Жақтардағы авиациялық билік орындарының арасындағы келісім бойынша анықталатын болады.

4. Аралық пункттер және Қазақстан Республикасы мен Литва Республикасынан сыртқары пункттер Келісуші Жақтардағы авиациялық билік орындары арасындағы келісімнің тақырыбы болады.